ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

АКИМАТ ГОРОДА КАРАГАНДЫ
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАГАНДЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

наурыз 2011 № 73

Қарағанды қаласы

город Караганда

2011 жылы Қарағанды қаласының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылау өткізу туралы

Қарағанды облысы білім басқармасының 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 32 бұйрығы негізінде, білім беру қызметтерін көрсету сапасын бағалау және орта білім беретін ұйымдар білім алушыларының бастауыш және негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды қаласының жалпы орта білім беру ұйымдарында 2011 жылдың 11 наурызында мемлекеттік аралық бақылау (бұдан әрі - МАБ) келесі пәндер бойынша өткізілсін:

1) оқытудың бастауыш деңгейінде (4-сынып) – математика;

2) оқытудың негізгі деңгейінде (9-сынып) – қазақ тілінде оқытатын мектептерде - орыс тілі, орыс тілінде оқытатын мектептерде – қазақ тілі, шет тілі (ағылшын, неміс, француз) және математика пәндері бойынша.

2. Жалпы және орта білім беру секторына (Чжао С.Б.):

1) 2011 жылғы 17 ақпанда мемлекеттік аралық бақылауға дайындық бойынша семинар ұйымдастырсын.

2) білім ұйымдарында МАБ-ты сапалы өткізуді қамтамасыз етсін.

3) мемлекеттік аралық бақылау нәтижелері наурыз айында білім ұйымдарының басшылары жиналысында қаралсын.

3. Білім ұйымдарының басшыларына:

1) мемлекеттік аралық бақылауды 4, 9 сыныптарда МАБ Ережелеріне сәйкес өткізуді қамтамасыз етсін.

005091

2)МАБ нәтижелері педагогиқалық кеңестерде қаралсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі бастығының орынбасары Р.А.Кенешоваға жүктелсін.

Бастық **Д. Жекебаев**

Орынд. Карисова Ғ.С.

Келісілді:

Бастықтың орынбасары Р.Кенешова
Жалпы орта білім беру секторының меңгерушісі С.Б.Чжао